

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы

Жас маман: Қожас А.Б

Тәлімгер: Дауева Айнұр Зайнулловна

Жұмысқа орналасып, ең алғашғы жұмыс күнімде маған Дауева Айнұр Зайнулловнаны тәлімгер қылып қойды. Жас маман болғандықтан көп нәрсені үйрену керек болды. Айнұр Зайнулловна маған барынша көмектесті, және әлі де мені бағыттап отырады. Ең алғашқы өткізген Алтын күз , Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындалу барысында балалардың жас ерекшеліктеріне сай қандай ойын, ән, би таңдау керегін түсіндірді. Тәлімгердің бағыттауымен алтын күз, жаңа ертеңгілігі жақсы деңгейде өтті.

Сабақ өткізгенде балалармен қалай жұмыс жасау керек, және сабақ қалай басталып, қалай аяқталу керектігін үйретті. Білмеген, түсінбеген жерімді тәлімгерден сұрап отырамын. Айнұр Зайнулловна өзі балалармен жақсы жұмыстанады. Әр сабағы ұқыпты, жоспарға сай өтеді.

Тәлімгерімнің сабағында отырып оның қалай жұмыстанатынын , балалармен қалай сабақ жүргізгенін қарап, біліп, үйреніп жүрмін. Тәлімгерімнен көп нәрсені үйрендім деп айта аламын. Алдағы уақытты өз деңгейімді көтеріп, барынша өзімді көрсетуге жұмыстанамын.

